

## **Тұрсынбаева А.Ө.<sup>1</sup>, Малдыбек А.Ж.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ доценті, Қазақстан, Астана қ., e-mail: aigul73@mail.ru

<sup>2</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті доценті,

Қазақстан, Түркістан қ., e-mail: akmaral.maldibek@mail.ru

### **АБАЙ «ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ» АДАМШЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН АШАТЫН ҰҒЫМДАР**

Бүгінгі таңда қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшеліктерімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Тәуелсіздік жолына түсіп, өркениетті елу елдің қатарына қосылу мақсатын жүзеге асыруға кіріскен Қазақстан үшін халқымыздың ұлттық сана-сезімі мен ұлттың дүниетанымын қалыптастыру бүгінгі таңда аса маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Сондықтан елімізде жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде.

Қазіргі кезде рухани мәдениетіміздің тарихына айрықша назар аударылып отырғанының себебі де осы. Қазақ халқының рухани мәдениетімен философиясына үлкен үлесін қосқан терең және жан-жақты ойшылдың бірі Абай Құнанбайұлы болып табылады. Өткен ғасырдың күрделі кезеңінде өмір сүрсе де ғаламдық ой таным дәрежесіне көтерілген Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасының түп қазығы – терең ойлы философиялық ұғымдары.

Барлық ілімді адамдық сапаның алдына шығарып бүкіл туындыларына өзек еткен Абай тағылымы бүгінгі күн үшін де аса қажетті әрі көкейкесті мәселе болып отыр. Оның шығармашылығында барлық мәселелер шын ақыл мен салқын сана арқылы сарапталып, негізгі өзегін өмір игілігіне айналдыра білген.

**Түйін сөздер:** гуманизм, құндылық, «Қара сөз», иман, кісілік, руханилық.

Tursynbayeva A.O.<sup>1</sup>, Maldybek A.Zh.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>associate Professor, L.N. Gumilev Eurasian National University,  
Kazakhstan, Astana, e-mail: aigul73@mail.ru

<sup>2</sup>associate Professor, Khoja Ahmed Yasawi international Kazakh-Turkish University,  
Kazakhstan, Turkestan, e-mail: akmaral.maldibek@mail.ru

### **Human values in «Edifying words» of Abay**

Today, in the context of democratization and humanization of public life, there is a need to improve the spiritual culture that determines national characteristics. Today in Kazakhstan, which has embarked on the path of independence and started to realize the goal of becoming one of the fifty civilized countries, one of the most important tasks is the formation of national consciousness and national Outlook of the people of Kazakhstan. Therefore, all activities carried out in the country contribute to raising the level of education and training of young people in the spirit of universal and national values.

Currently, special attention is paid to the history of spiritual culture. One of the deepest and most comprehensive thinkers who have made a significant contribution to the spiritual culture and philosophy of the Kazakh people is Abay Kunanbayev. The basis of the creative heritage of Abay, who lived in a difficult time of the last century, but despite this has risen to a high level of global thinking, are deep philosophical concepts.

In order to understand the meaning of Abay's creativity, it is necessary to know that Abay, whose creativity is based on knowledge and teaching, is one of the most popular thinkers for the people.

**Key words:** humanism, morality, value, «edifying words», faith, spirituality.

Турсынбаева А.Ә.<sup>1</sup>, Малдыбек А.Ж.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Казахстан, г. Астана. e-mail: aigul73@mail.ru

<sup>2</sup>доцент Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Яссави,  
Казахстан, г. Туркестан, e-mail: akmaral.maldibek@mail.ru

### Общечеловеческие ценности в «Словах назидания» Абая

Сегодня в условиях демократизации и гуманизации общественной жизни назрела необходимость совершенствования духовной культуры, определяющей национальные особенности. На сегодняшний день в Казахстане, вступившем на путь независимости и приступившем к реализации цели вхождения в число пятидесяти цивилизованных стран, одной из важнейших задач является формирование национального сознания и национального мировоззрения народа Казахстана. Поэтому все мероприятия, проводимые в стране, способствуют повышению уровня воспитания и образования молодежи в духе общечеловеческих и национальных ценностей.

В настоящее время особое внимание уделяется истории духовной культуры. Одним из самых глубоких и всесторонних мыслителей, внесших существенный вклад в духовную культуру и философию казахского народа, является Абай Құнанбаев. Основой творческого наследия Абая, жившего в непростое время прошлого столетия, но несмотря на это поднявшегося на высокий уровень глобального мышления, являются глубокие философские понятия. Для того, чтобы понять смысл творчества Абая, нужно знать, что великий просветитель, который является одним из самых востребованных мыслителей казахского народа, во главу угла ставил знание и учение.

**Ключевые слова:** гуманизм, мораль, ценность, «Слова Назидания», вера, духовность.

### Кіріспе

Бүгінгідей түрлі мәдениеттер тоғысындағы жаһандану үрдісіне бағыт бұрған заманда ұлтымыздың рухани өрісін биіктеткен тұлғалардың қалдырған мұрасына қайта үңілу оның тағылымдық мәнін қайта зерделеу – бүгінгі заман тудырып отырған қажеттілік.

Абай тұлғасының ұлылығын, асқақтығын сезіну үшін оның рухани әлемін тұтас қамтыған тұста ғана ақынның шалқар жан дүниесінің ұлылығына көзімізді шын жеткізе аламыз. Сонда ғана оны ардақтау ғана емес, сонымен бірге оның ұлы мұрасын өмірге кеңінен қолданып, өз өмірімізді соған үйлестіруге мүмкіндік туып отыр. Осындай күрделі болмыс иесінің шығармашылық мұрасын әр түрлі аспектіде тереңдей, кешенді түрде қарастырудың қажеттілігі де осыда.

Абай – қазақ руханиятының паспорты. Оның шығармаларынан туған халқының жан дүниесі мен салт-санасы, әдет-ғұрпы дәстүрінің лебі аңқып тұрады. Соның ішінде заманына қарай жаңадан енген халқының санасына, әдет пен ғұрпына жат қылықтармен бірге ғасырлардан бері келе жатқан кертартпалық, керенаулықты да өлтіре сынайды. Сөйтіп, халқын ілгері дамыған жұрттардың қатарына жетуге, өнер, білім, ғылымды меңгеруге шақырады.

Ақын мұрасының өміршендігін, замана озған сайын маңызы, әсері қаншалықты күшейе түскенін зер салып байыптап қарасақ, оның өз

заманының озық тілек-қасиеттерін айқынырақ танимыз. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының ой-сана, ұғым-түсініктерінің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқанын, түп-тамыры арыда жатқанын ескерсек, Абайдың өнегелі өсиет сөздері қай заманда да мәнін жоймайтындығын және қанша заман ауысып, уақыт жағдай өзгерді дегенмен халықтық ұлттық ерекшеліктері, адамгершілік қасиеттері жаңғырып жаңаша сипат алып, жалғасын тауып өрістеп, дами беретінін ескерсек, Абай мұралары кейінгі дәуірдің, соның ішінде бүгінгі замандағы өміршындығын танып-білуге үлкен себеп болатындығын мойындауымыз қажет.

### Негізгі бөлім

Абайдың қара сөздері қазақ үшін Құраннан кейінгі қастерлі кітап және біз солай болуға тиіс деп пайымдаймыз. Ғұламаның қара сөздеріндегі шындық, ұлттың болмысы – Абай түйсінген шындық деп қана түсіну үлкен қате. Бұл – өткен ғасырдағы қазақтың табиғаты деп өзімізді өзіміз алдап, жұбатуға болмайды, Абай көзге шұқып көрсеткен ұлттық мінез-құлқымыздағы жаман қасиеттеріміз – бүгінгі қазақтың да қасіреті.

Абайдың қара сөздері – оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына болып табылады. Абайдың өз тұсында болған тарихи шындықпен, қоғамдық құрылыспен, күнделік сан алуан надандық, қанаушылық, озбыр зұлымдық атаулының барлығымен байланысты

туған шығармаларды көрдік. Қарасөздердің бағасы – Абай заманындағы жағдайды, тарихтық шындықты өз қалпында бұлжытпай толық танытып береді (Сыздыкова 2004: 55).

Абайдың қарасөздері – оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына деуге болады. Бұл қарасөздердің құндылығы сол замандағы жағдайды, тарихтың шындықты өз қалпында бұлжытпай толық танытып беруінде. Әрине, қазіргі заман үшін Абай сынап, суреттеп отырған ортаның барлық болмысы және Абайдың сол кездегі күнделік өмірмен байланысты атап отырған мақсаттары, кейбір ұсыныстары – ескірген. Бұл тұрғыдан қарасақ қарасөздердің мазмұны мен мұраттары тек тарихи жағынан бағалы болмақ. Ал, Абайдың адамгершілік жөніндегі моральдық өсиеттерін алсақ, олардың ішінде біздің заманға да бағасы зор шындықтары, тәрбиелік ойлары аз емес.

Абайдың қарасөздері жалпы тақырып мазмұны жағынан алғанда, оның ақындық мұрасымен тығыз байланысты. Көп сөздеріндегі ойлар, пікірлер өлеңдерімен ұштасып, солардың мән-мағынасын кейде қайталап, пысықтап, әрі қарай жалғастыра дамытып отырады.

Ақынның қарасөздері мен нақылдары – ақын творчествосының елеулі саласы, өлеңдері мен мұңдас, идеялас, бірін-бірі толықтыра түсетін маңызды шығармалары. Абайдың қарасөздерін негізінен прозаның шағын түрі деп атау керек.

Бұл қара сөздер жанрлық, стильдік жағынан әр алуан. Мұнда терең публицистикалық тебіреністер де, жүйелі философиялық толғаулар да, ойға оралымды нақыл сөздер де, ғибрат ретінде жазылған аңыз-хикая да, тарихи эссе-очерк те табылады.

Қарасөздерді алғаш жазуға кіріскенде ақын: «...Ойыма келген нәрселерді жаза берейін... кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым» – деп қарапайымдылық білдірсе де, бұл жазбалар ғылыми-танымдық және әдеби көркемдік мәні өте зор, ақынның жалпы ақыл-ой өрісін, дүниеге көзқарасын танытуға баға жетпес мағлұмат беретін аса құнды қазына болып табылады.

Абайдың қарасөздерінен, таусылмас рухани қазынасынан, оның адамның өмір сүру философиясын бес бағытта қарастырғанын аңғаратынымыз. Олар:

Біріншісі, жеке адамдардың тұрмыс тіршілігі.

Екіншісі, әлеуметтік топтардың қоғамдағы алатын орны, мінез-құлқы, менталитеті, психологиясы.

Үшіншісі, ұлттың ата-бабалардан мұраланған өзіндік өмір салтын, дәстүрлі мәдениетіне бейімделген мұрат-мақсаттарын болмыстың жаңа сұраныстарына байланысты жаңартып, жаңғырту жолдары.

Төртіншісі, адамзат тарихында қалыптасқан моральдық құндылыққа сай келетін үрдістердің өркениетпен сабақтасу жолдары.

Бесіншісі, имандылық жолымен Алла болмысын тану.

Ұлы ақынның ой түбіне терең шомудан, өз заманының шындығы тудырып отырған түйінді мәселелерін сарапқа салудан туған ғаклия сөздері – Абайдың дүниетанымы мен ішкі дүниесінің сырын танып білуде мәні бар құбылыс. Осы себептен де ұлы ақынның мұрасын зерттеушілер оның дүниеге көзқарасын білуді, танытуды сөз еткенде, алдымен өздерінің зерттеу объектісіне ақынның қарасөздерін алып отырады. Себебі Абайдың дүниеге көзқарасы, негізінен, осы қарасөздерінде молырақ та әрі жүйелірек көрініс берген. Қарасөздер туралы баспасөз бетінде алғашқы дерек 1940 жылдары жарық көрді. Абай қарасөздерін алғаш рет әдеби тұрғыдан Х. Сүйіншәлиев, М. Фетисов, Қ. Өмірәлиев т.б. зерттеулерінде орын ала бастады. Олар бірі Абайдың қарасөздерін түгел қамтып өтсе, екіншісі оны афоризм жанры тұрғысынан қарап отырды. Ал үшіншісі, Абай қарасөздері публицистикалық табиғатын жекеше сөз етті.

Мысалы, профессор М. Фетисов Абай қарасөзінің қазақ әдебиетінде пайда болу себебі мен оның шығу тегі туралы пікір қозғайды. Ол «Публицистический жанр «қарасөз» восходит, с одной стороны, к классической литературе Востока, а с другой – к импровизаторскому искусству народных акынов», – деп жалпылай пікір білдіреді (Фетисов 1954:65).

Абай халыққа өмір сырларын тереңінен түсіндіру үшін енді өзінің қара сөздерін жазуға кіріседі. Қара сөздерінің біріншісін ол былай деп бастайды: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын». Бұл сөздерден Абай фәни өмірдің барлық қуаныш-қайғысын молынан көрсе де, оны ештеңе қанағаттандыра алмағанын көреміз. Оның жаны әлі де болса жанталасып

ізденуде. Абайды немістің ұлы ақыны Гегенің «Фауст» шығармасындағы Фауст бейнесімен салыстыруға болады. Ол да өзіне қанағат таба алмай, шайтан (Ібіліс) Мефистофельмен шартқа отырады емес пе. Шайтан Фаустың жанын фәни өмірдің қызығы қашан қанағаттандырып болған сәтте алмақ болып шарттасады. Шайтан оған өмірдің барлық қызығын көрсетеді. Бірақ таза жанды Фаустың өмірдегі алданыш қызықтың ешқайсысына көңілі толмайды. Тек бұл өмірдің қызығын көре алмайтындай соқыр болған шағында ғана оған Құдайдың мейірі түсіп, ол қанағат алады. Сөйтіп шайтан таза рухты бұл фәни өмірдің қызығымен жеңе алмай маскара болады. Абай жаны да бұл өмірдің қызығына қанағаттана алмады (Бельгер 1989:90). «Қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік» дейді (Құнанбайұлы 2006:164).

Өзінің өмірінің соңына дейін он-он бес жыл қалғанда кемеңгер ақын осындай ой түйініне келеді. Абай енді өмірдің түпкі мәні мен мақсаты туралы ойға қалып, бүкіл болмыс құпияларына көңіл бөле бастайды. Ақын осылай өзінің өсу, дамуының жаңа деңгейіне көтерілгенін білдіреді. Ол осыған дейін өз шығармаларында көбінесе адамның кемшіліктеріне көңіл бөлсе, енді сол кемшіліктердің түпкі себебін ашуға, өмірдің түпкі мақсатын ашып, оған жету жолдарына зер сала бастайды. Сөйтіп қасиетті кітаптарды тереңірек зерттеп, діни философияға көңіл бөледі. Кемелденудің бұл биік деңгейіне көтерілу өте сирек кездеседі. Біз Абайды енді осы биік деңгейден көреміз.

Абай қарасөздерінің жанрлығы жағынан ерекшеліктерін сөз еткенде бірден Абайдың шығысқа қатыстылығы қозғалады. Шығыс әлемінде ертеден белгілі болған Кейкав ибн Вашагимрдің өз ұлына насихат етіп жазған «Кабус-намасы» көп жағдайда қарасөздермен сабақтасып жатады. Абайдың Ғақлиясына терең үңілсек «Кабуснамаға» байланыстыруға, ұқсастықтар табуға әбден болады (Кейкаус 2005:160).

Сөз басында Кейкаус өзінің баласы Гилон шахқа арнап: «Ей перзентім, мен қартайдым, тәнімді күн сайын қуатсыздық жайлап келеді, өлім уақыты да жақындап қалды. Тірлікте мәңгі өлмейтіндердің бірі – кітап, оны құртып жіберегіндей күдіретті күш жоқ. Мен өзімнің төрімнен көрім жақын екенін сезіп, өлім жарлығы қолыма тимей тұрған шақта, білген ақыл кеңесімді кітапқа жазғым келеді. Әрбір қиын істі жеңіп, соңғы ұрпақтарға үлгі болатындай жақсы

атақ қалдыру үшін әрекет жасау жөнінде бірнеше әңгіме баяндаймын, сен ғибрат алғайсың, ал мен аталық парызымды өтейін, – дейді (Кейкаус 2005:160). Абай өзінің бірінші қара сөзінде былайша бастайды: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық, әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қойып не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын».

Кейкаус «дана адам» десе Абай «есті адам» дейді, екеуінің айтары «тоқмейілісіп мастанба, өзгелердікін ескер, жақсы жаманын салыстыр» дейді. Патша баласының да қалың көпшіліктің де даналыққа, естілікке ұмтылу жолы – бір. Кейкауста, Абайда өз тұжырымдамаларында хакімнің айтқанына көбірек сілтеме жасап отырады, бұл артық айтып адаспаудың ең тура жолы және бірінен-біріне жалғасқан даналықтың үндестігі.

«Кабуснама мен Абайдың қарасөздерін салыстырғанда заман өзгергенмен адамгершілік құндылық ешқашанда өз қасиетін жоймайтынын және ол туралы қай кезде айтсаң да бір-бірінен алшақ кетпей тұрғанын көреміз.

Абайдың өзі толық адам туралы ойларының негізін осы жәуан мәрттілікпен ұштастыра қарайтындықтан: «Белгілі жәуанмәрттілік үш хаслат бірлан болар деген: сиддиқ, кәрәм, ғақыл. Бұл үшідан сиддиқ-ғадалат болар. Кәрәм шафағат болар, ғақын-мағлұм дур ғылымның бір аты екендігі... Сенде бұл ғылым, рахым, ғадалат үш сипатпен сипаттанбақ; ижтиһадің шарт еттің, ... толық инсаниятың бар болады», – деген пікірін ашық айтады. Адам болудың бұл үш сипаты: ғылым (ақыл), рахым (шафағат), әділет (ғадалат) тәрізді қасиеттерді жас ұрпақтың бойына толық дамытқанда ғана оның аты – Абай сөзімен айтсақ толық *инсанияты* бар немесе камили *инсани* бола алмақ» (Мырзахметов 1982:292), – деп Мекемтас Мырзахметов Абайдағы «адам» ұғымына байланысты терең мәнді ұғымдардың ара-жігін ашып береді.

Адам баласы салауатты өмір салтымен өзін-өзі тану арқылы тіршіліктің жоғарғы мақсатында жету үшін оған әуелі әлем болмысының негіздері туралы білім керек екені дау тудырмайды. Болмыс заңдылығы туралы білім – рухани білімге жатады.

Адам мәселесі бағзыдан бері баршаның назарын өзіне аударып, жан-жақты зерттеу

нысанына айналғаны мәлім. Мұндай зерттеулердің кейбірі тым үстірт, жақ ашпайтын жалпылама әрі тұнығы лайланған тұрпайы болса, енді бірі жан-жақты қолға алынған тыңғылықты әрі терең зерттеулер. Жалпы адам – ақылы мен сезімі, тәні мен руханияты сан қырынан зерттелген аса маңызды жаратылыс екендігінде дау жоқ. Адам болмысына, қадір-қасиетіне ой жүгіртсек, бір-біріне мүлдем кереғар екі қыры барын байқаймыз. Мәселен, кейде бал-қаймақтай тартымды қасиеті менмұнда далап көрінсе, енді бірде жүректі лоқсытатын жиренішті кездері де болады. Кейде арғы дүниеге көкірек көзі ашылып, мәңгілікпен біте қайнасқандай қаздай мамырласа, енді бірде ой-өрісі тарылып, артымен сүңгіген үйректің керін келтіреді. Кейде киімін шақтап тігетін кішіпейілділігімен іші-бауырымызды елжіретсе, енді бірде өркөкіректікке салынып, үй ішінен үй тігіп, жалғыз қалады. Кейде бақайшағына дейін барып тұрған арамза әрі опасыз болса, енді бірде ішкі дүниесі айнадай жарқырап, адамға сенім ұялататындай ашық-жарқын боп көрінеді. Кейде өзімшіл, пайдакүнем болса, енді бірде өзгелер деп өзеуреп тұратын жомарт. Кейде жасын ойнатып, жауыздыққа бой алдырса, енді бірде мейірімді әрі әділ. Кейде екіжүзді, айлакер көрінсе, енді бірде шынайылығы, ықыласы және мәрттігі байқалады. Кейде парасатты, саналы болса, енді бірде санасыз, парықсыз көрсоқырға айналады. Адам баласы жаратылысындағы осынау қарама-қайшылықтарға қарамастан бәрібір адам деген ардақты атқа лайықты. Өйткені, аталмыш қарама-қайшылықтар адамның таза табиғатына тырнақтай кір келтірмейді. Базбіреулер адам болмысындағы аталмыш қайшылықтардың мәнін одан әрі шиеленістіріп, бұларды адамның табиғи инстинктерімен, өз-өзін қорғау үшін қажетті рефлекстерімен немесе сананы билейтін санасыздық яки психоанализбен түсіндірсе-дағы мұның ешбірінің таза адами болмыспен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Сонымен қатар, адамның субъективтік танымын объективті ақиқат ретінде алға тартып, «адам өз-өзін қалай танығысы келсе, солай болғаны» дегенге саятын экзистенциалистік көзқараспен түсіндіру де мүлдем қате.

Адам табиғатының рухани және нәпсілік қырлары бар екені белгілі. Бұлар бейне бір топыраққа тасталған дән секілді адамның рухани дүниесінің қай бағытта дамитынына қарай бүршік жарып өз жемісін береді. Адам болмысындағы осы бір құбылмалылық факторының ішкі мәнін «альаиы-иллийн» және

«әсфәлә-сәфилин» мәртебелері арасында рухани шарықтау мен рухани құлдырауға бейім тұратын адам табиғатының ерекшелігінен іздеген жөн. Мәселен, адам баласы пайғамбарлар көрсетіп кеткен жолда жүріп, мәңгілік өмірді мақсат-мұрат етті ме, жоқ әлде мұндай мақсаты болмады ма? Рухындағы адамгершілік құндылықтарды жарыққа шығара алды ма, әлде шығара алмады ма? Табиғатындағы әлеуетті сезіп, оны орынды қолдана алды ма, әлде орынды қолдана алмады ма? Болмысындағы сырларға қатысты ізденістер барысында жүрегінің тереңіне бойлай алды ма, әлде жоқ па? Ықтиярын толығымен қолдана алды ма, әлде қолдана алмады ма? Сана мен түйсіктің астарындағы жұмбақ сырларды сезіне алды ма, әлде жоқ па? Сезімдерін арғы дүниеге бағыттап алды ма, әлде бағыттап алмады ма? Адамдағы ар-ұжданның түпкі мәнін біле алды ма, әлде жоқ па? Міне, осы сауалдар «мыңмен жалғыз алысқан» адамның құрыққа көнбейтін құбылмалылығын түсіндіріп бере алатын факторлар болып табылады (Есім 1995: 88)..

Рухани дүниесі мен жүрегіне дақ түсірмей, ар-ұжданын асқақ ұстап ғұмыр кешетін жандар әлсін-әлсін о бастан бойына біткен мінез-құлқы сыр беріп, босандық танытқанымен әрдайым «альаиы-иллийнге» (жоғарылардың ең жоғарысына) қарай ұмтылумен болады. Ал енді құйынның ішінде шыр айналған қаңбақтай тәннің тойымсыз тоғышарлығы төңірегінде ғұмыр кешкендер сәт сайын тозақтың тұңғиық тереңіне бойлап, «әсфәлә-сәфилинге» қарай құлдырай түседі.

Адамды тек ақылы, санасы, түйсігі, физиологиясы мен қоғамдық-экономикалық тіршілігі тұрғысынан ғана қарастырып зерттегендер адамның шынайы болмысын ақи-тақи аша алмағанымен қоймай, дәйекті тұжырымдар да жасай алмаған. Дәйекті тұжырым жасау былай тұрсын, адам мәселесін құпиясын ашпайтын құмырсқа илеуіндей көріп, күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы ұғымдардың шырмауында түсініксіз, мәнсіз құбылысқа айналдырып жібереді. Мұндай көзқарасты ұстанғандардың кейбірі адамды «ойлайтын мақұлық» десе, енді бірі ас ішіп, аяқ босататын «тұтынушы мақұлық» ретінде түсіндіруге күш салады. Тағы бірі адамның мәнін тән рақатына негіздеп бағады. Яғни, адамның санасын санасыздық билеп-төстейтінін алға тартып, мұны «либидо» ұғымымен дәйектеуге күш салады.

Сондықтан да, адамды тек ақылы, санасы, физиологиясы және қоғамдық-әлеуметтік ерекшелігі тұрғысынан қарастыру жеткіліксіз. Адам баласының шынайы табиғаты өзінің жара-

тылудағы мәніне қауышса, рухани дүниесі ең заңғар асулардың өзін бағындыра алатын қарым-қабілетке ие болмақ. Тарихта мұндай биікке көтерілгендердің көптеп кездесетінін айта кеткен жөн. Иә, адам баласы өз табиғатында жасырын жатқан рухани күш-қуатын, мүмкіндіктерін дөп тауып, қайнар бастауына бағыттай білсе, материяға байланған әлсіздігінен, яғни көңіл көкжиегіндегі пәнилік шектеудің шырмауынан құтылып, рухани дүниесі қыран қанаты талатын зау биікке самғай алады. Міне, сонда ғана шіріп, ыдырап жоқ болатын материялық болмысы белгілі бір мәнге қауышып, жан-дүниесі мәңгілік өмір туралы таным-түсінігімен айшықтала түседі.

Адам баласының қарым-қабілеті көктегі найзағайдың қуатын көптің игілігіне жаратуға, материяның көзге көрінбейтін бөлшектері – атомдар мен партикулдар әлеміне кіріп, сырын ашуға, миллиондаған жыл қашықтықтағы әлемдермен байланыс орнатып, сол бір ұзақ әлемдегі жаратылыстарды көруі, естуі, тіпті көз алдымызда бейнелеп көрсететін жағдайға жеткен болуы әбден мүмкін. Ендеше, адамзат сана-сезімі, ой-пікірлері, ашқан жаңалықтары, білім арқылы қол жеткізген жетістіктерімен белгілі бір дәрежеге өскені аян бола тұра, өз болмысының ішкі мәнін жан-жануарларға тән инстинктіден іздеуі, табиғатындағы асылды бағалай алмауы, өзін түсіне алмауы болса керек. Бүгінде адамзат дүниетанымындағы осы бір қайшылықтың салдарынан үлкен тоқырауды бастан кешіп отырғаны анық. Қатыгездік, өзімшілдік, менменшілдік, ашкөзділік, тоғышарлық, қанағатсыздық, селкостық, тәнқұмарлық, салғырттық секілді әлеуметтік індеттердің астарын аталған тоқыраудан іздеген жөн.

Ақын қарасөздерінде адам бойындағы ізгі қасиеттерді анықтап көрсетіп қана қоймай, олардың өзара қарым-қатынасын, басқа адамгершілік қасиеттерімен байланысын кең зерттеп толғайды. Бұл орайда «*Он жетінші сөз*», «*Он бесінші сөз*», «*Он төртінші сөз*» «*Жиырма алтыншы сөз*» жүйелерінде көрініс тапқан, тиянақты тұжырылған терең мазмұнды ойлар ерекше бағалы. «Рақымдылық, мейірбандылық, уа әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойдың оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі, асықтық та жүрек ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды, амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады», – деген сөзде үлкен мән бар. Рақымдылық, мейірбандық Алла сипаттарынан шығатын ұғымдардың қатарына жатады. Адам баласын өз бауырым

деу, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса екен демек рақымдылықтан, мейірбандылықтан туады. Жаратушы өзінің рақым әлеміндегі мейірімділігін жүзге бөліп, оның тоқсан тоғыз бөлігін өз құзырында қалдырып, бір бөлігін жер жүзіне жіберген. Жер бетіндегі тіршіліктің негізін ұстап тұрған Жаратқанның рақымдылығының, мейірбандылығының осы жүзден бір бөлігі деседі. Рақым, мейірім туралы әңгіме үстінде адамдар Пайғамбарға: «О, Алланың Елшісі, біздің әрқайсымызда да рақым бар», – десе керек. Сонда Пайғамбар мынаны айтқан екен: «Дұрысында, менің айтып отырғаным сендердің әрқайсының өз жолдастарына деген рақымдылықтарың емес, сендердің әрқайсының жалпы адамға, барлығына деген рақымдылықтарың» (ат-Табарани). Адам баласына рақымы, мейірімі жоқ жандар Алланың жолындағылардың қатарына қосылмайды. Кісі жердегілерге рақымды болса, көктегі де оған рақымды. Өзіне тілегенді өзінің бауырына да болсын деп шын ниетпен тілемейінше, кісі рақымды, мейірімді болмайды, Алла жолына түспейді. Алланың, адамның дұшпаны осындайлардың, Алла жолынан адасқандардың тобынан таралады. Алланың жолындағылар үшін ондай жандар, ең жақын ағайын, бір атаның баласы болса да, дос, бауырға жатпайды. Пайғамбар хадистерінде осылай айтылады (әл-Бұхари, ат-Табарани). Абайдың: «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың», – деуінің алыс сарыны осы арнадан шығып жатса керек. Адамның адамға достығы, Аллаға құлшылығы, білім, жақсылық, иман жайы азаматтық ғылымның ілкі дәуірден бергі тарихының барлық кезеңдері мен дәуірлерінде басты, әлеуметтік маңызы зор мәселе ретінде қарастырылып келеді. Алланың кітаптарында да жеткілікті баяндалған. Мұса пайғамбарға (Ғ.С.) берілген Тәуратта да ізгілік негіздері бар еді. Бірақ жұрт ондағы ізгілік қазынасын бойларына сіңірмеді. Осы жай Құранда былай баяндалды: «Өздеріне Тәурат жүктеліп, кейін оны игере алмағандардың мысалы кітаптарды артқан есек тәрізді» (Садубаев, Сариева 2010: 155). Мұның ғибратын ұққан жағдайда, одан бүгінгілердің де сабақ алатыны анық. Құран көзінің алдында тұрғанмен, оны оқымаған, оның аяттарынан өз өмірі, тіршілігі үшін игілікті білім ала алмаған, сөйтіп азған, теріс жолда кеткен адамдардың мысалын осылай бейнелі түрде сипаттауда шексіз білімдарлық барын жоққа шығару қиын. Адамның емес, әкесінің ғана баласы болып қалған, достығының, адамгершілігінің, мейір

шапағатының өрісі әкесінің алдынан әрі аспаған бала адамзаттың бәрін бауыр тұта алмақ емес. Кісінің тілі жүректің айтқанына көнбей, амалдың дегеніне көнсе, рақым, мейірім сырт қалады. Адамның азуы осыдан басталады. «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат байлаулықтың жоқтығынан азады», «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?», надан «көңілі, көзі жетіп тұрса да, хайуан секілді әуелгі әдетінен бойын тоқтата алмайды» деген сөздер немесе «Ақылға сәуле қонбаса // Хайуанша жүріп күнелтпек», «Малда да бар жан мен тән // Ақыл, сезім болмаса», «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың» секілді ойлар Абайдың өз тұсындағы ойшылдардың бірі де айтпаған, айту былай тұрсын, байыбына бойлап бара алмаған ірі әлеуметтік-этикалық, философиялық қағидалар жүйесіне ұласады. Ақын хайуандықты адамның «ішіндегі қазынасын жоғалтып алуымен» байланыстырады. Ал мұның себебі – адамның «ойын-күлкімен, ішіп-жемекпен, ұйықтамақпен, мақтанмен әуре» болып кетуінде. Ақын көзқарасының байырғы бастау-көздері ұлы ойшыл, бірінші ұстаз Аристотель танымымен, одан беріде екінші ұстаз әл-Фараби даналығымен сабақтасып жалғасып жатыр. Мұның өзі Абайдың философиялық көзқарастарының ғылыми және тарихи маңызы мен мәнінің қазақ қана емес, тұтас ғалам ақыл-ойы үшін айрықша жоғары екендігін көрсетеді.

Ол өзінің «Жетінші сөзінде» де дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білуді адамдық парыз ретінде көрсеткен. Абай: «Мекен берген, халық қылған ол ләмәкән, түп иесін көксемей бола ма екен?»-дейді. Демек, оның ойынша, адамның адамдығы оның «түп иесін» тануына деген ұмтылысынан көрінеді. Осы түп иені табу немесе тану қалб (жүрек) арқылы жүзеге асады. Яғни, Абай ілімі бойынша танымның объектісі – жүрек. Бұл туралы, «Халиққа махлуқ ақылы жете алмайды, ақылмен, оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі» – деп, ол танымдық негізін ислам философиясының эпистемиологиялық ұстанымынан алады. Ақыл – шектеулі, Алла – шексіздік, олай болса, шексіздіктің сырын шектеулі ақыл қуатымен біле алмаймыз. Дегенмен, Алла адамның кеудесіндегі қалбке сыйып кетеді. Өйткені, Абайдың «адамның хикмет кеудесі» түсінігі Иасауидің хәл іліміндегі құдайлық танымға (*мағрифатуллаһ*) негізделген. Демек,

оның құдайлық танымы – сопылық дүниетаным категориялары мен түсініктерінің тарихи даму процестерімен тұтастықта өрбиді. Ғалам – Тәңірдің «болмысын» (*ужудиййат*) және әлемдегі жүйелілік, үндестік, үйлесімділік пен кемел тәртіп (космос) арқылы «Тәңірдің бірлігін» (тауһид-уахданиййат) көрсетеді (Есім 1995: 88).

Абай «он үшінші қара сөзінде» екі түрлі иман дәрежелерін ашып көрсеткен. Бірі ғылым, «ақли исбат», яғни рационалдық-логикалық дәлелдер, анықтамалар арқылы болатын «йақини иман», толығырақ айтсақ «илм-ал-йақин-и иман», яғни ғылым арқылы дәлелденген иман. Екіншісі, оқу, есту, үлкендерден көріп қабылдау арқылы болатын «тақлиди иман» бұл иман діни терминологияларда негізінен «йақин-и иманнан» әлдеқайда әлсіз «зайиф иман» деп есептеледі. Абай «тақлиди иманды» «тасдиқи иман» деп те атайды. Оның ойынша, иманды сақтауға «қорықпас жүрек», «айнымас көңіл», «босанбас буын» керек. «Йақини иманы бар деуге ғылымы жоқ, тақлиди иманы бар деуге беріктігі жоқ» деуінен, оның адамдағы «ар» мен «сабат», яғни рухани беріктік мәселелерін анықтап талдауға ниет еткендігін көреміз. Рухани беріктігі мен ары жоқ адам – алдағанға, азғырғанға айнып, еріп, «иман еттім» деген сертінен тайып, ақты қара, шынды өтірік деп кете баруы мүмкін. Ал, имандылық – иман келтірген нәрсесінің «Хақтығына» ешбір шүбәсінің жоқ екендігін көрсетеді.

*ижтиһат* – тырысу, ынта, жігер, ықылас. Араб тілінен ауысқан *ижтиһад* деген сөздің тек түсіндірме сөздіктің өзінде қазақша 12 фонетикалық варианты бар екен. Бұл ол сөздің көп мағыналылығынан емес, қазақша қате айту мен қате жазудан пайда болған. Мысалы, Абай арабша жақсы білген. Ол бұл сөзді қате жазуы мүмкін емес. Бірақ дұрыс көшірмеудің салдарынан оның шығармаларында *ежтиһат*, *иждиһат* деген сияқты варианттар кездеседі.

*иждиһат*. Үшінші, әрбір хақиқатқа тырысып, *иждиһатыңмен* көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма, егер ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге тұл болады (Абай);

*иждиһат*. Ықылас, *иждиһат* пен жиһат етіп, Шыбын жан шыдай алмас шерін тәнда. Жеміс ең пісіп тұрған бақшадағы, Ерік бар ма бұйырмаса біз мехманда (Әріп). Ұстаз әңгімесін ол бадана көзін кең ашып, аса бір *иждиһатпен* үнсіз тындаушы еді (Р. Тагор);

*ежтиһатсыз*. *Ежтиһатсыз*, михнатсыз Табылмас ғылым сарасы. Аз білгенін көпсінсе, Көп қазаққа епсінсе, Кімге тиер пайдасы (Абай).

*инсан* – адам. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан ақылды *инсанды* жаратыпты (Абай). Адаматадан өрбіген *инсанның* бір-біріне жаттығы болмайды, – деді ишан қымызды бір-екі жұтып қойып (Ж. Арыстанов);

*инсаният* – 1) адамзат, адам баласы; 2) адамгершілік, шыншылдық; 3) сыпайылық, әдептілік, көргенділік; 4) адам табиғаты. Сен де бұл ғылым, рахим, ғадаләт үш сипатпенен... шарт еттің... *инсаниятың* бар болды. «Ижтиһатты шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық инсансаятың бар болды» (Абай).

Қазақ дүниетанымында «кісі» деген сөз бар. Ол әлі талқыланып, философиялық әдебиетте өзіне лайық орнын таба қойған жоқ. Оған көңіл аударған Ғ. Есім «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деген Абай сөздеріне талдау жасай отырып, байқайсыз ба, Абай «біреудің кісісі» деп отыр, демек «кісі» деген оның иесіне байланысты айтылған ұғым. «Кісі» деген әлі индивидуализацияға түсе қоймаған «біз» деген философияға сай ұғым» – деп жазды.

Адамның *кісілік* кейпінің қалыптасуына оның сырт пішіні емес, ішкі дүниесінің жетілуі, тәрбиелеуі, неғұрлым маңызды болып табылады. Осыған байланысты Абай былай деп жазады: «Кейбіреулердің бар өнері, мақсат киімін түземек, жұрыс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзінше бір дәулет деп біледі». Ал толық адам өзінше ең алдымен өзінің рухани жетілуін ойлау керек. Оның жолдары басқаша: алғашқысы – әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып, адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады. Екіншісі – өзін-өзі өзгешелік пен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, гүлін бұзады. Үшіншіден қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек. Олар дұшпандық шақырады.

«Кісі» сөзінен «*кісілік*» ұғымы туындайды. Философиялық әдебиетте «*кісілік*» ұғымына бірінші анықтама берген де Ғ. Есім. Ол анықтама да Абай өлеңдерінен туындаған, яғни «адамның» тауып айланып, «*кісілікті* ойламай» – деген тіркесіне назар аударайық (Есім 2012:395).

«Адамның айланып» табамын деп жүріп, *кісілікті* ұмытып кетуге әбден болады. «Адамның айланып дегеніміз – мінез-құлық, адамгершілік, кәсіпкерлік құпиялары. «Адамның күні адаммен» деген принципті жақсы ұғынып алған адамдар қалайда «адамның айланып» тауып, оның көңіліне, назарына ілінуге тырысады. Әрине, күйкі тіршіліктің күйбені әр адамды осындай бейшара күй кешуге мәжбүр етеді. Кісілік те

пендешіліктің құрбаны болып кете барады». Бұдан өткен сорақылық жоқ. Күнделікті өмірде, бұл әркімнің басында болатын қайшылық. «*Кісілік*» деген адамның намысы, өзіне-өзі жасайтын құрметі, өзін-өзі сыйлауының белгілі бір деңгейі, кісіліксіз адам – тағдыр тәлкегіне түскен – мүсәпір. Кісіліктен бір арылып қалған сананың ендігі жерде өз-өзіне келіп, толысуы екі талай іс. Абайдың айтып отырғаны осы мәселе. Керек адамның көңілін табамын деп жүріп «*кісіліктен*» айырылып қалуға болмайды, өйткені, «*кісілік*» адамның өзегі, оны жетілген адам дәрежесіне көтере алады.

Адамға деген сенім, сүйіспеншілік, үміт қазақтың бір-бірімен танысуына, табысуына, туыстасуына көшпелі дәстүр кезінде кедергіні кемітті, керісінше, өзара сыйластық пен құрметтеу дәстүрлерін демеді. Кісілікке деген құрмет ізгілік, шындық, әділеттілік тұтқасын тұтастады, өмірлік құндылықтың адами өлшемін көбейтті. Абай адамнан кісілік қасиетті, қарым-қатынастың құндылығын іздеді. Қазақ кісілікті өнегемен тәрбиеледі, әдептің нақты үлгісімен үйлестірді. Абай сөзінен: «Есіңді жи, өзінде болсын күй. Еліңді сүй, соған лайық сенім түй» деген тоқтамды аңғарамыз.

*Бәһра* (парсы тілінен енген сөз) – пайда, әсер, ләззат алу.

«Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
Надандар *бәһра* ала алмас», –

деп бұл сөзді қолданады. Абай өзінің 38 қара сөзінде «Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып ядқар қалдырайын. Ықыласпенен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббаттың төлеуі – махаббат. Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб



мәнфағат дәфғы мұзарратларны айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ, ең болмаса шала. Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады – ешбір *бәһра* болмайды» деп түсіндіреді.

*Мұлахаз* (араб тілінен енген сөз) – ойлау, пікірлесу деген мағынаны білдіреді. «Төртінші ғылым білімді көбейтуге, екі қару бар адамның ішінде – бірі мұлахаз қылу, екіншісі – берік мұхафаза қылу. *Мұфахаза* (араб) – сақтау, қорғау, бұзбау. Жалпы бұл термин Абайға байланысты психологиялық еңбектерде жиі кездеседі.

Ұлы Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі 32-сөзінде: «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хусідшілікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды, бәлкім, азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адам баласын шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурулық, мақтаншақтық, хусідшілік бойын жеңсе, ондай адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып – төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші – әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсен айрылма! Егер де ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде; бірі – мұлахаз қылу, екіншісі – берік *мұхафаза* қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі – құдайдың,

екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады» делінген.

– Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер. (Отыз бірінші сөз).

Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаз қылу, екіншісі – берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды (Су Чжоусюн 2000:150).

Абай адамның танымдық қасиеттерінің табиғатын біршама материалистік тұрғыдан түсіндіреді. Сөзіну және түйсіну мәселелерін де дәл осы бағытта талдайды. Ақын сыртқы дүниенің адамның сезім мүшелеріне әр түрлі сипатта әсер ететінін айта келіп: «Құлақ болмаса, не қаңғыр, не күңгір, дауыс, жақсы үн, күй, ән ешбірінен ләззат ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не дәмдінің қайсысынан ләззат алар едік?» – деп көрсетеді. Сөзімнің басқа да танымдық құбылыстармен, дәлірек айтқанда, ойлау, елестету, ұғым сияқты түйсіктермен байланысты екенін ашып айтады. Осыған байланысты Абай: «Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі», – деп жазады. Ақын:

«Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей,  
Шу дегенде құлағың тосансиды,  
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей,  
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,  
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей...» –

деген жолдарда «түйсік» деген ұғымды арнайы айтпағанымен психология құбылыстың осы мәніне көңіл аударады. Ол түйсік пен қабылдау адамның жиған-терген тәжірибесіне байланысты,

сөзді дұрыс қабылдап, меңгеріп алмай келесі сөзді түсіну қиын деп тұжырымдайды. Ақынның ес туралы пікірлері де қызғылықты. Абай естің мәнін ашу үшін ерекше «ұмытпастың себептері» деген психология терминін енгізген. Ол осыған орай Отыз бірінші сөзінде: «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер», – деп жазды. Бір нәрсені есте сақтау, ренішті, қуанышты көңіл күйлерін тану барысындағы естің маңызы жайлы айта келіп, адам «... сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып, не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек?» – деп түйіндейді. Ақын шығармаларынан тек адамға ғана тән қуаттарының негіздері – сөз бен қиял хақындағы пікірлерін жиі кездестіруге болады. Абай:

«Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,  
Әрнәрсеге өзіндей баға бермек», –

деп терең ойлай білетін, қиялы ұшқыр, кең, ақылды адамдарды жоғары бағалайды. Ақын:

«... білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза (ойласу, пікір алысу) ..., екіншісі – берік мұхафаза (сақтау, қорғау)... Бұлар зораймай, ғылым зораймайды», – деп жазды. Абай жан қуаттарын адамдардың бір-бірімен жәй түсінісуі үшін ғана емес, сонымен қатар олардың көңіл-күйіне, бүкіл психологиясына әсер ететін күшті құрал ретінде түсінеді. Адамның сан алуан қызыққа толы сезім өлімі – ақын шығармаларының негізгі тақырыптарының бірі. Адамның ішкі жан дүниесін оның үш қырымен (ақыл, сезім, қайрат) тұтастыра қарастыратын Абай адам өмірінде, таным мен күнделікті тіршілікте сезімнің аса маңызды қызмет атқаратынын атап көрсетеді. Адам рухани дамуы үшін ең алдымен жан-дүниесі бай, сезімтал болуы қажет. Ақын адамның адамгершілік, имандылық, моральдық,

эстетикалық сезімдеріне айрықша мән береді. Осындай сезімдерді бойға дарыту үшін адам жаман мінезден арылып, өзін-өзі тәрбиелеуі керек деп есептейді.

Осы мәселенің мазмұнды жалғасы К. Кенжеғалиев, Г. Мұхаммеджанова, А. Шаяхметова, Ж. Тасболатова, Л. Байманова және Л. Зулхарнаевалардың «Problems of Psychology and Ethnic Psychology of Nomads –Kazakhs in the Works of Abay» мақаласында сөз етіледі. Онда былай делінген: «Hard to memorize something that is new to you, then there will be the desire to seek, love of learning, memory will learn and engrave what you have seen and heard». Thus the concept of human nature is not a single definition, but a whole process, mental process, mental state of a person. The formation of human nature involves a chain of appearance, development and formation of mental phenomena which logically maturing transform the man to form his own character. The nature of man by Abay has a moral aspect. For example, he writes: «by gaining knowledge, don't set ourselves the task to obtain through them some benefit». To the moral side of character formation Abay pays more attention: «if your thoughts wander, and you're looking for science because of a thirst for hoarding your knowledge is the same as the attitude of stepmother to stepson». This moral aspect of human nature is interpreted loosely in psychology, but the nature of man first of all is characterized by a moral side, whether you're a scientist, a statesman, a religious figure. The greatness of Abay that he considers the character in the context of moral values, it is valuable only from the standpoint of morality. For example Abay writes: «by studying science, put clear and supportive goals, not strive to acquire knowledge in order to be able to argue with others (Кенжеғалиев, Мұхаммеджанова, Шаяхметова, Тасболатова, Байманова, Зулхарнаева 2016:3130).

Бірақ Абай шығармаларын зерлей ойланып оқымаған кісі ақынның адам болу туралы ойларында кездесетін бенделіктің кәмалаттығы мен инсанияттың кәмалаттығы деген ұғымдардың мәніне, табиғатына жіті, ажырата қарамаудан, оларды бір мағынада танып қалуы мүмкін. Мұнда қолданылып отырған «бенде» немесе «пенде» сөзі діни ұғымдағы «құдайдың құлы» деген ұғымда алынса, «инсан» сөзі өмірдің гүлі – адам деген гуманистік мәнде беріледі де, жалпы шығыс классиктерінде көп сөз болған *камилли инсани* туралы таныммен сабақтас алынған бұл ұғым Абайда негізінен толық адам деген атпен таратылып отырады...

Абайдың адам баласының екі түрлі мінезбен

туатын – жан мен тән деген қасиетін, жазушы түсінікті ұғыммен тіршілік пен адамдық қылық деп береді. Ұлы ұстазы айтқанды қайталап, М.Әуезов тіршілік қамын – хайуани салахият, адамдық жолын – инсаният дейді (Әуезов 1967:391). Абай қарасөзіндегі толық инсаният, инсанияттың кәмалаттығы, пенделіктің кәмалаттығы туралы танымдар өте күрделі өзекті мәселелер. Инсаният арабша адамгершілік деген мағына береді. Ал Абайда толық инсаният деп, ақын танымында өзекті желідей арқау болатын толық адам деген ұғымды білдіреді. Демек, Абайдың танымындағы адам баласына тән екі түрлі қасиетін жазушы рухани тұтастықпен өз шығармасында жалғастырады. Абайдың қарасөздеріндегі ұғымдарды қолданып, ақын танымындағы жарты адам мен толық адам жайлы тереңнен қозғаған пәлсапалық ойларын жазушы мақаласына пайдаланады. Ары қарай Абай қарасөзінен алынған мынадай үзінді келтіруге болады: «Бұлар бұрынғы Толстой сықылды хақимдердің айтуында екінші марқұм әкеміз Абайдың: «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деген нақыл сөзі һәм пайғамбар ғалаис саламның: «Адамның жақсысы адамға пайдасын тигізген» деген хадисі де көрсетеді» (Су Чжоусюн 2000:150). Абайдың отыз жетінші қарасөзінен «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деген даналық сөзін мысалға алып оқырманға үлгі етеді. Жазушының мақалада ақынның дәл осы сөзін мысалға келтіруінде үлкен мән бар. Себебі жазушы адамгершілік асыл қасиеттерді сөз ғып отырғандықтан, Абайдың адамдық турасында айтқан афоризмдерін мақалаға пайдаланады. «Бұл мақалада Абай поэзиясының, әсіресе Абай қарасөздері әсерінің іздері сайрап жатыр. Жас қаламгер бірде Абайдың белгілі афоризмін қайталайды, екіншіде Абайдың «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деген даналығын мысалға келтіре отырып сөз сабақтайды. Абай әсері тұтас тіркестерден, жүйе-жүйе дидактикалық сарыннан байқалады», – деген академик Р. Нұрғалидың пікірі мақаладағы жазушы көтерген проблема Абай қара сөзінің мазмұнымен өзектес екенін айқындайды (Нұрғали 2005:120).

Абай қарасөздері – халқымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Ол адам тіршілігінің сан саласын қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршеңдігімен, әрқилығымен қымбат. Халық тарихи дамудың қаншама асуларынан асып, қан-

дайлық биігіне көтерілсе де, Абай аты мен сөзі, әрдайым оның аузындағы жыры, көкірегіндегі иманы, санасындағы ұжданы болып қала береді.

### Қорытынды

Қазақ халқының маңдайына біткен ойшыл дана Абайдың мұрасы – сан ұрпаққа рухани азық болатын сарқылмас мол қазына. Халқымыздың бүгінгі тарихында, мәдениеті мен әдебиетінде Абайдың алатын орны ерекше, оны бір сөзбен айтып жеткізу қиын. Абай мұрасы адам тіршілігінің сан-саласын қамтып, қазақ халқының өткені мен бүгінін, болашағын ұштастырған өміршеңдігімен, мәңгілік өзектілігімен қымбат. Аса алып тұлға – табиғат пен қоғамның, адамзат пен руханияттың айрықша бір көрінісі. Ол – әлемдік дара тұлға.

Абай есімі еліміздегі түбірлі өзгерістер негізінде әлемге танылып жатыр. Алыптың есімі әлемді шарлады. Қазіргі уақытта нағыз Абайды, дана Абайдың шығармашылық мұрасын қайта танытып қауыштыру – философия мен мәдениеттегі, әдебиеттегі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселе болып табылады.

Абай даналығында рухани құбылыс пен құндылықтарды талдау мен бағалау айқын сезіледі. Абай шығармашылығы даналықты сұхбаттасушы субъект ретінде түсінуге және алуан пікірлерді түсіндіруге мүмкіндік береді. Мұның өзі дүниетанымдық жүйенің қалыптасуын қарастырып қана қоймай, оның дамуына қосымша ықпал жасамақ. Ол үшін тәрбие қайшылықтарын, дәстүр үрдістерін бағамдап, сондай үйлесімділікті көркем бейнелеумен көрсету шарт.

Даналық өлшеміне айналған ойшыл Абайдың дүниесі ұлттың негізгі рухани арқауын құрап, қазіргі заманғы сана жүйесіне өтіп, кешенді сипаттағы зерде мен таным таразысына түсуі – қазіргі қоғамдық әлеуметтік даму талабына сай қажеттілік.

Қорытып айтқанда, Абайдың туған халқына тигізген ықпалы, игілігі «шөл даланы жарып аққан дариядай» болды. Бірақ дария бұрқ етіп, бір сәтте пайда болмайды, оны алуан бұлақтар мен кішігірім өзен сулары құрайды. Дана Абай да саты-сатылап жетілді, толысты, ақырында ұлы шайырға, әлемдік ой алыбына айналды.

Хакім Абай мұрасы – қазақтың қазақтығын әлемге таныта алар күдіретіміз, бүгінгі тілмен айтқанда, нағыз рухани брендіміз.

### Әдебиеттер

- Абай. Энциклопедия. (Бас редактор Р.Н. Нұрғалиев) (1995). – Алматы. – 720 б.
- Әуезов М. (1967). Абай Құнанбаев: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы. – 391 б.
- Бельгер Г.К. (1989). Гете және Абай. Эссе. – Алматы. – 104 б.
- Есім Ф. (2012). Хакім Абай (даналық дүниетанымы). – Алматы: Атамұра-Қазақстан. – 395 б.
- Есім Ф. (1995) Алла болмысы және оны тану // Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы. – 184 б.
- Кейкаус. Кабуснама (2005). – Алматы: Жазушы. – 160 б.
- Kenzhegaliev K.K., Mukhamedzhanova G.S., Shayakhmetova A.A., Tasbulatova Zh.S., Baimanova L.S., Zulkarnayeva Zh. (2016). Problems of Psychology and Ethnic Psychology of Nomads –Kazakhs in the Works of Abay Qunanbaev. IEJME – Mathematics education , vol. 11, no. 8, 3127-3136
- Құнанбайұлы А. (2006) Қара сөздер. – Орал: Оптика. – 164 б.
- Құран Кәрім. Қазақша аудармасы мен тәпсірі / ауд. Қ. Садыбаев, Ж. Сариева.(2010). – Алматы: Ғибрат. – 288 б.
- Мырзахметов М. (1982) Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы, Ғылым. – 292 б.
- Нұрғалиев Р. (2005) Жеті томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Сөз өнерінің эстетикасы. Астана. 350 б.
- Су Чжоусюн. (2000) «Абайдың қара сөздерінің аудармасы». – Қытай. – 150 б.
- Сыздықова Р. (2004) Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы. – 661 б.
- Фетисов М.И.(1954) Классик казахской литературы Абай Кунанбаев: к 50-летию со дня смерти // Литература в школе. – № 3. – 65 б.

### References

- Abaj. Enciklopediya[Abai's. Encyclopedia]. (Bas redaktor R.N.Nurgaliev).(1995). –Almaty: Atamura. – 720b.
- Auezov M.(1967). Abai Kunanbaev: Makalalar men zertteuler[Abay Kunanbayev: articles and researches]. Almaty. – 391 b.
- Belger G.K.(1989). Gete jáne Abai. Esse. Almaty. – 104 b.
- Esim Ğ. (2012). Hakim Abai (danalyk dunietanymy) [Hakim Abai (worldview of wisdom)]. Almaty, Atamura-Kazakhstan. – 395 b.
- Esim Ğ. (1995) Alla bolmysy jáne ony taný // Abaidyn dúnietanymy men filosofiyasy. – Almaty.- 184 b.
- Keikaus. Kabusnama[Kabusnama](2005).- Almaty: Zhazushy.- 160 b.
- Kenzhegaliev K. K., Mukhamedzhanova G. S., Shayakhmetova A. A., Tasbulatova Zh. S., Baimanova L,S., Zulkarnayeva Zh.(2016). Problems of Psychology and Ethnic Psychology of Nomads Kazakhs in the Works of Abay Qunanbaev. // IEJME – Mathematics education , vol. 11, no. 8, 3127-3136
- Kunanbaiuly A. (2006). Kara sozder [Edifying words].-Oral: Optika.-164-b.
- Kuran Karim. Kazaksha audarmasy men tapsiri[Koran. Kazakh translation and Tafsir] / aud. Қ.Sadybaev, ZH.Sarieva.(2010). – Almaty: Gibrat. – 288b.
- Myrzahmetov M.(1982). Auezov zhәне abaitanu problemalary[Auezov and problems of Abay Studies]. Almaty, Gylym. – 292 b.
- Nurǵaliev R. (2005) Jeti tomdyq shyǵarmalar jinaǵy. Ekinshi tom. Sóz óneriniń estetikasy. Astana. 350 b.
- Su Chzhoucyun (2000). «Abaidyn kara sozderiniń audarmasy» [Translation Of Abay's Words Of Edification]. Kitai. – 150b.
- Fetisov M. I. (1954). Klassik kazahskoi literatury Abai Kunanbaev : k 50-letiyu so dnya smerti [Classic of Kazakh literature Abay Kunanbayev: to the 50th anniversary of his death ]: [v zhurnale: Literatura v shkole. -. – № 3., 65 b.